

«Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай қашықтықтан қазақ және ағылшын тілі оқытушылары арасында «Үздік презентациялық сабақ» байқауын өткізеді.

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

- қазақ және ағылшын тілдерін оқытуға жаңа инновациялық және интерактивтік әдіс-тәсілдерді енгізу әрі насихаттау
- тіл мамандарының педагогикалық тәжірибесін көпшілікке ұсыну және тарату
- тәуелсіздік жылдары қол жеткізген құндылықтарымызды насихаттау
- оқытушыларды ынталандыру
- өзара тәжірибе алмасу

БАЙҚАУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ:

- Байқау қашықтықтан өткізіледі
- Байқау жұмыстары авторлық жұмыс болуы керек

БАЙҚАУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ:

- қазақ мектептеріндегі қазақ тілі
- орыс мектептеріндегі қазақ тілі
- ағылшын тілі
- сабақтар бағыты бойынша жеке сарапталады, жеңімпаздар да байқау бағыты бойынша анықталады.

ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ:

- байқауға қатысуға сұраныс толтыру
- байқау материалын 2017 жылдың 12 қаңтарына дейін жіберу
- жарнаны төлеу
- langcenterkar@mail.ru электронды поштасына сұранысты және байқауға ұсынылған презентациялық сабақ жоспарын жолдау. Хат тақырыбына «Үздік презентациялық сабақ» деген сөзбен қоса аты-жөнін көрсету.

СҰРАНЫСТЫҢ ҮЛГІСІ

№	АТЫ-ЖӨНІ (ҚҰЖАТ БОЙЫНША)	ЖҰМЫС ОРНЫ, ЛАУАЗЫМЫ	БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ	ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА

ПРЕЗЕНТАЦИЯЛЫҚ САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- тақырыпқа сәйкестігі
- мазмұндылығы
- жаңашылдығы (анимация, дыбысталуы, т.б);
- сауаттылығы
- көлемі 20–30 бет аралығы
- Power Point бағдарламасымен жасалуы (Word түріндегі материал қабылданбайды)

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАРЫ:

Байқауға қатысу үшін төлем құны – **2000 теңге**.

Қатысу жарнасы 12 қаңтарға дейін Қарағанды облысы тілдерді оқыту орталығының бухгалтериясына төленеді. Мүмкіндігінше презентациялық сабақпен бірге төленгені дұрыс.

Қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін, жұмыстар 1 апта көлемінде сарапталып, қорытындысы 12 қаңтарда шығарылады. Байқауда облыс бойынша келіп түскен жұмыстардың ең үздіктері таңдалады. Байқау қорытындысын жариялап, марапаттау үшін қорытынды жиын өткізіледі. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарға диплом, қатысушыларға сертификат беріледі. Қорытынды жиынның қайда өтетіні туралы қатысушылардың электронды пошталарына хабарлама жіберіледі.

Байқауға қатысу және оның өткізілуі туралы анықтама үшін Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығына 56-70-84; +7 701 173-76-86 телефондары арқылы байланысуға болады.